

"Есеп" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 7 шілде N 1066. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.07.23. N 1046 қаулысымен. ~P991046

Қазақстан Республикасында халықаралық практикаға негізделген бухгалтерлік есеп пен аудит жүйесін енгізу, оны одан әрі жетілдіру және қаржы саласындағы кадрлардың біліктілігі мен оларды қайта даярлаудың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шаруашылық жүргізу құқығымен "Есеп" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісі міндетін жүзеге асыратын орган болып табылады деп айқындалсын. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1999.04.09. N 392 қаулысымен.
P990392_

3. Кәсіпорынның қызметі:

бухгалтерлік есеп пен аудит саласындағы практикалық проблемаларға зерттеулер мен талдау жүргізуге;

қаржы қызметі саласындағы қызметкерлерді қайта даярлау мен біліктілігін арттыруға;

бухгалтерлік есеп пен аудит саласында шетел практикасын зерделеуге, бухгалтерлік есеп пен аудит саласында стандарттарды әзірлейтін халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасауға бағытталады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит методологиясының департаменті белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның Жарғысын бекітіп, тіркесін, жарғылық қорды қалыптастырып, басқа да ұйымдық мәселелерді шешетін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгіленген

тәртіппен "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысымен

P960790_

(Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 29,

256-құжат) бекітілген республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіне толықтырулар енгізу туралы қаулының жобасын дайындап, Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК